

"Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 182 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 қаңтарда № 8131 болып тіркелді

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 03-03-932 ұсынысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4539 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2013 жылғы 23 қарашада жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г. Абдыкаликова

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі

Агроөнеркәсіптік кешендегі

мемлекеттік инспекция

комитетінің Қызылорда облыстық

аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесімен

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы 15 қаңтардағы № 182
қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "23" қазандағы № 334
қаулысына қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып белгіленген карантиндік аймақ

№	Аудандар мен қала атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
			жатаған қызғылт) кекіре	(арам сояулар	калифорниялық қалқаншалы сымыр	қауын шыбыны
1.	Арал ауданы	180	94	1	12	73
2.	Қазалы ауданы	238	9	9	10	210
3.	Қармақшы ауданы	155,5	0	30	5,5	120
4.	Жалағаш ауданы	251	40	75	13	123
5.	Сырдария ауданы	440	67	175	10	188
6.	Шиелі ауданы	895	130	100	5	660
7.	Жаңақорған ауданы	615	20	235	5	355
8.	Қызылорда қаласы	68,4	23	0,9	18	26,5
Барлығы		2842,9	383	625,9	78,5	1755,5